

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ

БЕКІТЕМІН
«Сәрсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ
Қабылдау комиссиясының төрағасы

М. Төлеген

2026 ж.



7M01401 «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы
бойынша магистратураға түсушілерге арналған

**ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
(ӘНГІМЕЛЕСУ)**

Өскемен, 2026

Бағдарлама мәдениет, спорт және бастапқы әскери дайындық кафедрасының отырысында талқыланып, бекітуге ұсынылды

Хаттама № 6 «08» 02 2026 ж.

мәдениет, спорт және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі



А.С.Зуев

Магистратураға түсушілерге арналған қабылдау емтиханының бағдарламасы (әңгімелесу) Педагогика жоғары мектебінің кеңесінде қаралып, бекітуге ұсынылды

ПЖМ деканы  _____ ленова

Хаттама № 7 « » _____

Магистратураға түсушілерге арналған қабылдау емтиханының бағдарламасы (әңгімелесу) Академияның кеңесте қаралып, бекітуге ұсынылды

УАК төрағасы  _____ И.В. Ровнякова

1. Қабылдау емтиханының (сұхбаттың) мақсаты

Қабылдау емтиханының (сұхбаттың) мақсаты – талапкердің теориялық және практикалық даярлық деңгейін, оның білім, білік және дағдыларының магистратурада оқуға қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау.

Талапкерлермен сұхбат жүргізу рәсімі екі кезеңнен тұрады:

- комиссияның білім туралы құжаттарды талдауы;
- талапкердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау, сондай-ақ оқуға дайындық деңгейін анықтау мақсатында ауызша сұхбат өткізу.

Сұхбат нәтижелері белгіленген үлгідегі комиссия хаттамасымен рәсімделіп, нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (немесе оның орынбасарына) тапсырылады.

Комиссия хаттамасына төраға және қатысқан барлық комиссия мүшелері қол қояды.

Хаттама әрбір талапкерге жеке рәсімделіп, оның жеке ісіне тіркеледі.

Қабылдау емтиханының (сұхбаттың) ұзақтығы – 30 минут. Осы уақыт ішінде талапкер комиссия сұрақтарына жауап береді.

Құрметті себептермен (ауру немесе құжатпен расталған өзге де жағдайлар) сұхбатқа келмеген тұлғалар бекітілген кестеге сәйкес басқа күндері қатысуға жіберіледі.

Сұхбат барысында талапкердің білімін нақтылау мақсатында негізгі сұрақтар бойынша да, сондай-ақ бағдарлама шеңберіндегі пәннің кез келген бөлімдері бойынша қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.

Сұхбат хаттамалары сұхбат аяқталғаннан кейін дереу қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырылады.

Сұхбаттың құрылымы және бағалау критерийлері

Қабылдау сұхбаты офлайн форматта өткізіледі.

1. Құрылымы

Сұхбат келесі пәндік блоктар бойынша сұрақтарды қамтиды:

1.1. Дене тәрбиесі және спорт теориясы мен әдістемесі

1.2. Спорттық педагогика және психология

1.3. Дене тәрбиесі және спорт саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі

Сұхбатты бағалау критерийлері

Сұхбат өткізу рәсімі 1-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі хаттамамен рәсімделеді. Хаттамада талапкерге қойылған сұрақтар және сұхбат нәтижелері тіркеледі.

Талапкерлерді бағалау 1-кестеге сәйкес жүргізіледі.

Магистратурада оқуға арналған өту балы – 20 балл.

Сұхбат бойынша қабылданған әрбір шешімге комиссия мүшелері қол қояды.

Университетке қабылданған тұлғалардың сұхбат хаттамалары олардың жеке істерінде сақталады.

Кесте 1 - Өңгімелесуді бағалау критерийлері

№	Критериилер	Балл
1	Таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша магистратурада оқуға және университетке түсуге деген уәжін дәлелдеу. Оқу аяқталған соң кәсіби және тұлғалық дамудың перспективаларын көрсету.	10
2	Белгілі бір пән саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажет зерттеушілік дағдылар мен тәжірибеге ие болу.	10
3	Берілген тақырыпты ашуда ұғымдарды дұрыс қолдану қабілеті; ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстардың дұрыс қолданылуы; ғылыми терминдерді қолдануда қателіктердің болмауы.	20
4	Оқу материалын түсіндіру логикасы мен мазмұнында қателіктер жоқ.	20
5	Білім алушылардың айтылған мәселені түсінуі байқалады.	10
6	Материал толық, ашық баяндалған, түсініктемелері бар.	20
7	Теорияны бейнелейтін мысалдар келтірілген.	10
	Барлығы	100

Өңгімелесудің сәтті өткендігін растайтын минималды балл - 50 балл.

Қабылдау емтиханына (сұхбаттасуға) арналған сұрақтар тізімі

Мотивация және зерттеушілік құзыреттілік

1. Сіздің ойыңызша, таңдаған мамандық бойынша магистратурада табысты оқу үшін қандай негізгі дағдылар қажет?
2. Нақты практикалық міндеттерде теориялық білімді қалай қолданасыз?
3. Сіздің қандай күшті жақтарыңыз сізге магистратурада оқуды табысты өтуге көмектеседі?
4. Ғылым саласындағы қандай заманауи үрдістер сізді ерекше қызықтырады және неге?
5. Сіз болашақ кәсіби қызметіңізде магистратурада алған білімдеріңіз бен дағдыларыңызды қалай пайдалануды жоспарлап отырсыз?
6. Сіз оқытушылармен және курстастармен табысты өзара іс-қимыл жасау үшін қандай қасиеттерді қажет деп есептейсіз?
7. Сіз өзіңіздің кәсіби салаңыздағы қандай проблеманы немесе мәселені шешкіңіз немесе зерттегіңіз келеді?
8. Көшбасшылық қасиеттеріңізді көрсетуге тура келген жағдай туралы айтып беріңіз. Күрделі мәселені қалай шешкеніңізге мысал келтіріңіз.
9. Сіз кездескен күрделі мәселені сипаттай аласыз ба және оны қалай шеше алдыңыз?
10. Ғылыми жобалар бойынша командада жұмыс істеу тәжірибеңізді айтып беріңіз. сіз әдетте қандай рөл атқарасыз?
11. Сіз сәтсіздіктермен қалай күресесіз және олардан не табасыз?
12. Бір уақытта өз уақытыңызды қалай ұйымдастырып, бірнеше міндеттерді қалай шешесіз?
13. Қиындықтарға қарамастан, өзіңізді оқуды жалғастыруға қалай ынталандыңыз?
14. Сіз оқу кезінде зерттеу дағдыларын қалай дамытуды жоспарлап отырсыз?
15. Магистр дәрежесін алу мансаптық мақсаттарыңызға қол жеткізуге қалай көмектеседі?
16. Сіз неге біздің университетімізді таңдадыңыз?
17. Сіз осы білім беру бағдарламасын неге таңдадыңыз?
18. Сіз біздің университетті қалай таптыңыз?
19. Өтініш берер алдында қандай басқа университеттерді қарадыңыз?
20. Оқуды аяқтағаннан кейін өз еліңізге оралып, жұмыс істегіңіз келе ме?
21. Сіздің академиялық және мансаптық мақсаттарыңыз қандай?
22. Біздің университет пен білім беру бағдарламасы осы мақсаттарға қол жеткізуге қалай көмектеседі?
23. Сіз әдетте ұжымда қандай рөлге ие боласыз?
24. Белгілі бір жобамен командалық жұмыс кезінде қандай рөлді атқарғыңыз келеді?

25. Қандай білім беру тәжірибесі бар (бакалавр/маман болып оқыған ЖОО ғана емес, сонымен қатар қосымша білім, курстар, неғұрлым мүдделі ғылыми бағытты дербес тереңдетіп зерделеу және т.б.);

26. Қолда бар табыстар мен жетістіктер (қандай конкурстарға, жобаларға, ғылыми-зерттеу конференцияларына қатысты, қандай нәтижемен);

27. Осы оқу орнына осы білім беру бағдарламасына өтініш беру себептері қандай;

28. Алдағы мансаптық жоспарлар қандай (ғылыммен айналысу - нақты қандай тақырып - немесе өзін жоғары білікті маман ретінде іске асыру үшін қолданбалы тақырыпты тереңдетіп зерделеу);

29. Әлеуметтік өмірдегі белсенділік (түрлі қоғамдастықтарға, өзін-өзі басқаруға, волонтерлік жобаларға, басқа да қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысу).

Бейіндік пәндер бойынша сұрақтар

1. Қазіргі қоғамдағы дене мәдениетінің мәні мен қызметтері.
2. Оқу-жаттығу үдерісін құру қағидаттары.
3. Жүктеменің біртіндеп және толқынды түрде арту қағидаты.
4. Дене тәрбиесінің құралдары мен әдістері.
5. Спорттық жаттығудың құрылымы.
6. Жаттығу үдерісін кезеңдеу.
7. Көпжылдық спорттық даярлық кезеңдері.
8. Қимыл-қозғалыс әрекеттерін оқыту әдістері.
9. Өртүрлі жас топтарындағы спортшыларды даярлау ерекшеліктері.
10. Жалпы және арнайы дене дайындығы.
11. Дене жүктемесі және оның құрамдас бөліктері туралы түсінік.
12. Дене қасиеттерін дамыту әдістері.
13. Спорттық жаттығудағы дараландыру қағидаты.
14. Сабақ үдерісіндегі бақылау және өзін-өзі бақылау.
15. Дене мәдениетіндегі заманауи білім беру технологиялары.
16. Дене тәрбиесі сабағының құрылымы.
17. Спорттық қызметтегі педагогикалық бақылау.
18. Жоғары білікті спортшыларды даярлау ерекшеліктері.
19. Жаттығу жүйесіндегі қалпына келтіру құралдары.
20. Дене мәдениеті теориясының дамуының заманауи үрдістері.
21. Жаттығу үдерісінің педагогикалық негіздері.
22. Спорттағы тәрбиелеу әдістері.
23. Спорттық мотивация және оны қалыптастыру факторлары.
24. Спортшының психологиялық дайындығы.
25. Спортшы тұлғасын қалыптастырудағы жаттықтырушының рөлі.
26. Спортшылардың психикалық дамуының жас ерекшеліктері.
27. Ерік-жігер қасиеттерін қалыптастыру.
28. Спортшының психологиялық тұрақтылығы.
29. Спорттық қызметтегі командалық өзара әрекет.
30. Спорттық ұжымды басқарудың психологиялық-педагогикалық аспектілері.
31. Жаттықтырушының эмоциялық күйіп кетуінің алдын алу.
32. Жарыс қызметінің психологиялық ерекшеліктері.
33. Спорттық командада көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру.
34. Спорттағы психодиагностика әдістері.
35. Жаттықтырушы қызметіндегі педагогикалық рефлексия.
36. Дене мәдениеті және спорт саласындағы ғылыми зерттеу әдіснамасы.
37. Ғылыми зерттеуді жүргізу кезеңдері.
38. Педагогикалық эксперимент әдістері.
39. Деректерді талдаудың сандық және сапалық әдістері.
40. Зерттеудің мақсаты, міндеттері және гипотезасын тұжырымдау.
41. Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу.
42. Магистрлік диссертацияның құрылымына қойылатын талаптар.

43. Спорт саласындағы ғылыми зерттеулер этикасы.
44. Спорт ғылымындағы өзекті зерттеу бағыттары.
45. Ғылыми зерттеулердің практикалық маңыздылығы.
46. Білім беру ұйымында эксперименттік жұмысты ұйымдастыру.
47. Жаттығу бағдарламаларының тиімділігін бағалау әдістері.
48. Спорттағы ғылыми зерттеулерде цифрлық технологияларды қолдану.
49. Академиялық адалдық және антиплагиат.
50. Ғылыми жарияланымдарды дайындау және ғылыми жобаларға қатысу.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Выдрин В.М. Введение в специальность / В.М. Выдрин. – М.: ФиС, 1980. – С. 8 – 20.
2. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры / Л.П. Матвеев. – М.: ФиС, 1991. – С. 7 – 28.
3. Матвеев Л.П. Основы общей теории спорта и система подготовки спортсменов / Л.П. Матвеев. – Киев: Олимп. лит., 1999. – 318 с.
4. Основы теории и методики физической культуры: Учеб. / Под ред. А.А. Гужаловского. – М.: ФиС, 1986. – С. 5 – 23.
5. Платонов В.Н. Современная спортивная тренировка / В.Н.Платонов. – Киев: Высш. шк., 1984. – С. 3 – 26.
6. Теория и методика физического воспитания / Под ред. Б.А. Ашмарина. – М.: Просвещение, 1990. – С. 24 – 28.
7. Донской Д.Д. Биомеханика / Д.Д. Донской. – М.: ФиС, 1979. – 264 с.
8. Платонов В.Н. Общая теория подготовки спортсменов в олимпийском спорте / В.Н. Платонов. – Киев: «Олимпийская лит.», 1997. – 579 с.
9. Методы активного обучения в системе физкультурно-педагогического образования: Учеб. пособие / Под ред. Ж.К. Колодова, В.С. Кузнецова. – М., 1998. – 212 с.
10. Волков Л.В. Теория и методика детского юношеского спорта. Киев, 2002.-293 с.
11. Русанов В.П., Колкутин А.М. Основы теории и методики физической культуры и спорта. У – Ка, из-во ВКГУ, 2003 г. С. 323
12. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта. М. Академия 2002 г. С. 478
13. Матвеев Л. П. Теория и методика физической культуры : учебник для вузов. — 4-е изд., перераб. и доп. — Москва : Спорт, 2010. — 544 с.
14. Холодов Ж. К., Кузнецов В. С. Теория и методика физического воспитания и спорта : учебник для студентов вузов. — 7-е изд., стер. — Москва : Академия, 2012. — 480 с.
15. Т.Ә.Ботағариев, С.С.Кубиева. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің теориялық негіздері. –Орал, 2010. -232 б.
16. Е.Уаңбаев. Дене тәрбиесінің негіздері. –Алматы: «Санат», 2000. -72 б.

17. Жолдасбеков С. Ә. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі : оқу құралы. — Алматы : Қазақ университеті, 2011. — 398 б.

18. Капилевич, Л. В. Физиология спорта : учебное пособие / Л. В. Капилевич ; Национальный исследовательский Томский политехнический университет. — Томск : Изд-во ТПУ, 2011.

19. Муллер, А. Б. Физическая культура : учебник и практикум для вузов / А. Б. Муллер, Н. С. Дядичкина, Ю. А. Богащенко. — Москва : Издательство Юрайт, 2022. — 424 с.

20. Brooks G. A., Fahey T. D. Exercise Physiology: Human Bioenergetics and Applications. New York: John Wiley and Sons, 1984.